

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.II. - Б. 165-166

СЕРІКБОЛСЫН АБДИЛДИН – МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Әмірхан А.

Бұл тақырыпты таңдау себебім тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаған саяси тұлғалардың бірі, тұңғыш Парламент, Жоғары Кеңесінің төрағасы Серікболсын Әбділдинді мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, оның саяси көзқарастарымен таныстыру. Сонымен қатар, қызмет жолындағы ел үшін, халық үшін атқарған жұмыстарын көрсету. Серікболсын Әбділдин сияқты саяси тұлғалар патша үкіметі заманында да, кеңес үкіметі заманында да болған. XVIII-XIX ғасырларда патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шығып өздерінің ой-пікірлерін еркін білдірген саясаткерлер қазақ қоғамында аз болмаған [1].

Жалпы, ол кісінің өмір баянына сүйеніп келсек Әбділдин Серікболсын 1937 жылы 25 қарашада Семей облысы Ақсуат ауданының Қызылкесек ауылында дүниеге келген. Қазақ ауылшаруашылық институтын және сол институттың аспирантурасын бітірген, экономика ғылымдарының докторы. 1991 жылдың желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды [2].

Ол кісінің Қазақстан еліне, қазақ ұлтына сіңірген еңбегі орасан зор. Серікболсын Әбділдәулының 1990-1994 жылдардағы қызметіне тоқтала кетсек. Жаңа сайланған төраға Жоғарғы Кеңестің жұмыс кестесіне «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы заң жобасын енгізді. 1991жылы 16-желтоқсанда қазақ елінің ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік күнін, Жоғары Кеңестің осы заңды күшіне енгізу туралы қаулысына қол қойып жариялады. Серікболсын Әбділдәулы басқарған Жоғарғы Кеңестің ең бірінші, төл конституциясын сонымен қатар еліміздің рәміздерін, ұлттың теңгесін басқада отанымыздың ірге тасын нығайтатын 250-ден астам заң қабылдады. Серікболсын Әбділдәулы Тәуелсіз еліміздің бірінші «Тәуелсіз» төрағасы болды. Себебі бұрынғы төрағалардың барлығыда Москваның келісімінсіз таққа сайланбайтын, ал Әбділдин Москваның ықпалынсыз, президенттің қарсы болғанына қарамастан, осы қызметке тек депутаттардың талғамымен сайланды. Осылай сайланғанының арқасында ол жер-жерлерден демократиялық жолмен 1990-жылы сайланған 360 депутатты басқара білді. Әрқайсысының пікірімен санасып, принципті қарым-қатынас құрып, көпшіліктің көңілін таба білді де, жетекшілік етті. 1993-жылдары Серікболсын Әбділдәулының 2-кітабы жарық көрді, олар: «Қазақстандағы Парламентаризмнің қалыптасуы», «Қазақстан Парламенті» [3].

Ол кісі 1991 жылы осы Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекетке айналуына, қазақ мемлекетінің дербес ұлтқа айналуына бірінші болып қол қойған азамат, яғни Қазақ мемлекетінің ірге тасын қалаушылардың бірі ретінде атап өтуімізге болады. Ол кісі тек бір оппозиция бағыттағы саясаткер емес тек қана биліктің сыншысы емес, ол кісі бір коммунистік партияның басшысы ғана емес, осы мемлекетке еңбегі сіңген қоғам қайраткері болған. Ол Жоғарғы Кеңестің рөлі сол кезде Қазақстанда 90-жылдардың басында, Қазақстан Республикасы енді тәуелсіздік алған жылдары мына біздің еліміз Парламенттік Республика болды деуге болады үйткені Жоғарғы Кеңестің деңгейі, Жоғарғы Кеңестің құдіреті яғни парламенттің шешім қабылдаудағы рөлі Қазақстан Президентінен жоғары болмаса, кем болған жоқ. Серікболсын Әбділдин барлық жиналыстарды өзі жүргізіп отырған және, сөз беру керек пе бермеу керек пе, Назарбаевтың сөйлеу регламенті қандай болу керек, оның барлығын, осы сол кездегі Жоғарғы Кеңестің төрағасы ретінде Серікболсын Әбділдин өзі шешім қабылдап, отырған. Оның еңбегі туралы айтатын болсақ, әрине Серікболсын Әбділдин 2000 жылдары Парламент депутаты болды. Парламент депутаты болған кезде басқада Төлеу Тоқтасынов, Мұхтар Шаханов, Тоқтар Әубәкіров болды осындай азаматтар парламентке депутат болып отырғанымен олар негізгі шешуші заңдарды қабылдай алмағанымен дегенмен шындықты айтуда ұлттық, елдік мәселелерді көтеруде, оппозицияны қорғауда жалпы халықтың мүддесін қорғауда олардың атқарған рөлі өте орасан зор болды [4].

1994 жылдың қаңтарынан бастап бүгінгі күнге дейін Серікболсын Әбділдәұлы үлкен саясаттан тыс қалмады. Қазіргі кезде елдегі саяси-әлеуметтік экономикалық проблемалар ушықты ол кісінің пікірінше қазіргі кездегі билікті өзгерту керек себебі билік пен халық екі бөлек, билік бір бедте, халық өз бетімен жүр. Қайта билік пен бизнес бірігіп халықты жаншып отыр. Сол себептен ең бір қазақтың түзелетін жолы ол әділетті билік жасап алу керек Әділетті билік дегеніміз- ол Парламенттік жол. Жалпы Парламентаризм деген ол мемлекеттің алтын қазығы деуге болады. Тіпті Президенттік ел АҚШ-та парламент пен шектеліп отырады. Сол себепті автократиядан демократияға қайта көшуіміз керек [5].

Оппозицияға еніп, оны біріктіру форсалары туралы ұсыныстарын енгізіп оны өткізуге тырысты 1999 жылы күзде өткен парламент сайлауында Мәжіліс депутаты болып сайланған Серікболсын Әбділдин үкіметтің әлеуметтік-экономикалық саясатын сынап, атышулы "Қазақгейт" жанжалына қатысы бар жоғары лауазымды шенеуніктердің жемқорлығын әшкерелеуге атсалысты. Ол парламентте елде азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары бұзылып жатқанын мәлімдеп, билікті демократиялық реформа жасауға шақырды. Ол Коммунистік Партия құрып, 2010 жылға дейін басқарды. Бірақ содан кейін ол өзінің орнына Ғазиз Алдамжаровты- ең көрнекті депутаттардың бірі, жоғарғы Кеңестің бақылау палатасының төрағасы болуды ұсынып, оставкаға кетуді шешті. Оның өзі журналистік қызметке көп көңіл бөле бастады. Өмірінің соңғы жылдары Серікболсын Әбділдәұлы қазіргі үкіметтің сыншысы және қарсыласы болып қала берді. Мүмкін бұл

жерлеу рәсімінде шенеуніктердің болмауына себеп болған шығар. Ал, бұл олардың таңдауы. Бірақ біздің мемлекеттілігіміздің басында тұрған адамды сапарға шығару- қазіргі саясаткерлердің міндеті, және бұл тіпті талқыланбауы керек [6].

Серікболсын Әбділдәұлы елімізді дамыту және Парламентаризмді қалыптастыру ісінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған тұлға. Серікболсын аға еліміздің тарихында өшпес із қалдырды. Бұл кісінің халқына істеген қызметі, мемлекеттігімізді қалыптастырудағы сіңірген еңбегі, әсіресе Тәуелсіздігіміздің заңнамалық негізін қалаудағы Жоғарғы Кеңестің төрағасы ретінде көрсеткен ерлігі Қазақстанның жаңа тарихында алтын әріптермен жазылатынына еш күмән жоқ. Әрбір қазақ осындай қоғам қайраткерлерімен мақтануға лайықты.

Әдебиеттер тізімі

1 Кайырболат Ж.Нурбай, Гульмира Ж.Жуман.Средний жуз в период XVIII-начала- XIX веков политический аспект проблемы.//Былые годы, 2019. №4.С.1479-1489.

2 Қазақ КСР: қысқаша энциклопедия / Ч. ред. Р.Н.Нұрғалиев. - Алматы: Ш. ред. Қазақ Совет Энциклопедиясы, 1991. - Т. 4: Тіл. Әдебиет

3 Серікболсын Әбділдин: <https://youtu.be/6RKJduvZMbo>

4 Серікболсын Әбділдин: Парламенттік билік жүйесіне көшу керек. <http://kz.osdp.info/>

5 Серікболсын Әбділдиннің соңғы жылдардағы саяси оппозиция өкілі ретінде қызметі:spik.kz/articles/tam/2020-01-03/aygul-omarova-chelovek-dela.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Нұрбай Қ.Ж.